

Қорыта келе, Қарқаралы тарихында Б.И. Ясенецкийдің есімі ауыл шаруашылығы саласының білікті де бірегей маманы ретінде ғана емес, оны мұғалім, өлкетанушы, археолог, этнограф, емші ретінде танымал тұлға деп айтуға болады. Украина жерінде туған поляк ұлты өкілінің бүкіл саналы ғұмыры мен өмірі қазақ жерінде, Қарқаралы қаласында өтті. «Мемлекеттік қылмыскер» атанған адамды қазақ елі мен жері бір емес екі рет пана қылды. Мәңгілік үйі де Қарқаралы қаласында. Қайтыс боларының алдында Богдан Ильич әйелі Вера Евграфовнаға: «Мені мұсылман салтына сәйкес мұсылман зиратына жерле», - деп өсиет етеді. Ол 1968 жылы 27 маусымда қайтыс болды. Богдан Ильич Ясенецкий өз өсиеті бойынша Қарқаралы қаласындағы мұсылмандар зиратына жерленді. Оның басына қойған құлпыстақта былай деп жазылған: «Богдан Ильич Ясенецкий, ұлты поляк, 1873 ж.т., 1968 ж. 27.ҮІ – де. Ол біздің қазақты ес тұтып, өз тілегімен келіп, паналап жатқаны туралы. Бұған да Алладан жақсылық болсын. Ескерткіш құдай үшін қазақтан». Осылайша Қарқаралы жерінде өшпейтін ізін қалдырған Богдан Ильич Ясенецкийге осы жердің топырағы бұйырды, өңірге және ондағы халыққа көрсеткен қызметі, алдында оқыған, шәкірттерге берген білімі үшін қарқаралылықтар оның басына ескерткіш қойды.

«Қалдырған ізін мәңгілік, жадымда тұрар жаңғырып» деген өлең жолдары Богдан Ильич Ясенецкий сияқты тұлғаларға арналғандай. Оның ізі Қарқаралы тарихында мәңгіге сақталатыны хақ.

Пайдаланған әдебиеттер:

1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай үндеуі. 2020 жылғы 29 мамыр [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік тәртібі: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/akorda_other_events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-sayasi-kugyn-surgin-zhane-asharshylyk-kurbandaryn-eske-alu-kunine-orai-undeui

2 Попов Ю.Г. Из далеких встреч: Каркаралинские краеведы Ясенецкие // Алматы́нский Kurier Polonijny. – 2020. - №1(29). – С.18-25.

3 Попов Ю.Г. Поляки на улицах Каркаралы. Записки краеведа о людях польской национальности, занесенных судьбой в Центральный Казахстан. – Караганда: Изд-во «G», 2020. – 180 с.

4 ГАКО. Ф. 202. Оп.1. Д.1. Л.56.

5 Сагинов А.С. О пройденном пути. Воспоминания. – Алматы: «Ғылым», 1996. - 320 с.

6 ГАКО. Ф.202. Оп.1. Д.1. ЛЛ. 28, 30.

7 Чирков Ю.И. А было все так ... / предисл. А. Приставкаина. - М. : Политиздат, 1991. - 382 с. Электронная версия <https://www.sakharov-center.ru/asfcd/auth/?t=page&num=2380>

8 <https://base.memo.ru/person/show/3036301>

9 Дерек «Қарқаралы ауылшаруашылық колледжі» КМҚК архивінен алынды.

10 ГАКО. Ф.1363. Оп.1. Д.50. ЛЛ.1-2.

11 ГАКО. Ф.1363. Оп.1. Д. 13. Л.8

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЭТНИКАЛЫҚ РЕПАТРИАНТТАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ИНТЕГРАЦИЯЛАУДА ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕЛЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Ж.Т.Ныгметова, докторант

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қарағанды, Қазақстан

Қазақстандық мемлекеттіліктің қалыптасуында халық және оның көші-қон мәселелері әрқашан өзекті болды. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мәліметтері 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының халық саны 18,75 миллион адамды құрайды, ал халықтың бір шаршы шақырымға келетін тығыздығы 6,93 адамды құрайды [1].

Бүкіл әлемде елдің әлеуметтік жағдайына туу, қайтыс болу, ажырасу, некелесу, халықтың табиғи өсуі сияқты себептері үлкен әсер ететіні сөзсіз. Бұдан басқа, сыртқы және ішкі көші-қон мәселесі демографиялық жағдайға айтарлықтай әсер етеді. Кеңес одағы ыдырағаннан кейін барлық елдерде демографиялық жағдай күрт өзгерді.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанды өзінің тарихи Отаны санайтын басқа елдердің азаматтары – этникалық қазақтар белсенді түрде келді.

Қазақстан Республикасы «Халықтың көші-қоны» туралы заңында көрсетілгендей отанына қайтып келген қандастарға аталған заңның бірінші бабында былай анықтама берген, оралмандар - Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде оның шегінен тыс жерлерде тұрақты тұрған және Қазақстанға тұрақты тұру мақсатында келген ұлты қазақ шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар, ал осы заңда оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығы - оралмандардың және олардың отбасылары мүшелерінің уақытша тұруына және оларға бейімделу қызметтерін көрсетуге арналған орын деп анықтаған, осы орталыққа орналасуына байланысты оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығына жолдама алған кезде үш күннің ішінде сонда қоныстануға және оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығында болудың белгіленген кезеңі аяқталғаннан кейін өздеріне берілген үй-жайды босату деген баптары кездеседі. Ал оралмандарды уақытша орналастыру орталығы туралы заңның 15-1-бабында оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығы мемлекеттік мекеме нысанында құрылады. Оралмандар мен олардың отбасылары мүшелерінің оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығында болуы және оларға бейімдеу қызметтерін көрсету тәртібі мен уақытын уәкілетті орган айқындайды деп көрсеткен[2]. 2020 жылы барлық заңнамалық актілерде оралман сөзі қандас сөзіне өзгертілді [3].

Этникалық қазақтар мен шетелдердегі қазақтар бүкіл қазақ халқының бөлінбес бөлігі. Сырттағы қандастарымыз, өткен ішкі және сыртқы саяси оқиғалардың нәтижесінде қазір Қазақстаннан тыс жерде өмір сүріп жатыр. Мысалы Қазақстан аумағынан тыс жерлерде 5 млн. астам қазақ бұрынғы КСРО-ның 14 мемлекетінде және әлемнің 25 елінде тұрады [4].

Қазіргі кезде шет елде тұрып жатқан этникалық қазақтардың басым бөлігі 1920-1930 жылдар аралығында, алуан түрлі себептерден, Отанынан еріксіз кеткен ата-бабаларымыздың жалғастырушылары болып келеді[5].

Жоғарыда атап өткендей, Қазақстанға тұрақты тұру мақсатында келген ұлты қазақ шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдарға орталық құру жоспарланып, жүзеге асты. Осы орталықтарды құруда Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің көші-қон комитеті, оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталықтары - мемлекеттік мекемелерін құру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы бойынша, оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталықтары мемлекеттік мекемелерінің тізбесін құрды, атап айтатын болсақ «Оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығы» Қарағанды қаласы, Шымкент қаласы, Оңтүстік Қазақстан облысының Ақсуқент ауылында құру туралы қаулы бекітілді[6].

Ел президенті болған Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» бойынша Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Көші-қон комитеті, Қарағанды қаласында 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап алғаш рет Бұхар жырау даңғылында, «оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығы» мемлекеттік мекемесі құрылды. Осы мерзімнен бастап шетелден келген қандастарымызға атаулы көмек, әлеуметтік бейімдеу мен әлеуметтік қорғау сияқты кешенді жұмыстары

ұйымдастырылды. Отанына қайта қосылу үмітін үзбей сонау Россия, Қытай, Монғолия, Өзбекстан, Қырғызстан елдерінен қандастарымыз келіп орналасты. Орталықтың негізгі мақсаты отандастарымызды қоғамдық ортаға бейімдеу, кіріктіру, олардың әлеуметтік бағдарламалар мен еңбекпен қамту бөлімімен жұмысқа тұруына, СТК, ӘЖК алу және тұрғылықты тіркеуге тұруына көмектесу мамандардың көмегімен жүзеге асырылуда. Орталықта оралмандар мен олардың отбасы мүшелеріне тұрмыстық-техникалық, төсектік керек жарақтармен, 35 бөлме, оқу залы, оқу бөлмесі жаңа жиһаздармен жабдықталған, барлығы 150 адамға арналған орын тұруға ұсынылған. 2008 жылдан бастап орталыққа 1005 оралман отбасын қабылдау жоспарланса, осы аралықта орталықта 931 адамға бейімделу қызмет түрлері көрсетілген. Орталықта көрсетілетін қызмет түрлеріне тоқталсақ қыс мерзімінде 6 айлық, жазғы мерзімде 3 айлық бейімделу және кіріктіру уақытында келесі қызмет түрлері көрсетілді:

- орталық мамандарынан кәсіби көмек көрсету;
- дәрігерлік тексерістен өту;
- бейімделудің жеке тұлғалық бағдарламасын жүзеге асыру;
- оқытушылардың көмегімен мемлекеттік және тілегі бойынша орыс тілін,

Қазақстан тарихы курстарын оқу;

- Қазақстан заңдары мен нормативті –құқықтарын білуге;
- психологиялық және құқық жағынан консультациялар беру;
- отбасы мүшелерін кәсіби даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін

арттыру;

- жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мен іс қимыл жасалады.

Орталықтың жұмыс жасап жатқанына көп уақыт болмаса да, оралмандардың бейімделу қиыншылықтары азаяр емес. Атап айтатын болсақ: тұрғын үй алу, еңбекке орналасу, еңбек нарығына сай кадрларды дайындау мен қайта даярлау, жеке бизнестерін ашуда шағын несиелер алуда, жер учаскелерін алуда, оралман балалардың мектептегі бейімделуі, қарым-қатынас қиыншылықтары сол сияқты бірнеше мәселелерді атауға болады. Аталған мәселелерді жеңуде қаншама жұмыстар жүргізіліп жатса да, біз басқа елдерде оралмандармен қандай жұмыс жасап жатқандығын талдап, өзімізге қажеттісін жүйелеп іс-тәжірибемізде қолдансақ. Мысалы Израильде оралман отаннына келген күннен бастап ақпаратпен қамтамасыз етіледі:

- Израиль картасы;
- телефон анықтамасы (негізгі қажетті мекемелердің мекен-жайы мен телефон номерлер тізбесі);

- аэропорттағы алғашқы қадамдар (ішкі істер Министрлігіне тұрақты тұруға жеке куәлікті ауыстыруға байланысты бланк толтырып тіркеу жасалады, - ерлі-зайыптылар суреттерімен жаңа оралман куәлігін алады; - алғашқы қажеттіліктерге ақша; - зейнеткерлік жастағы оралманға аэропортта қарттығына байланысты алғашқы жәрдемақы; Бұл процедураларды тез орындауға болады, егер бір уақытта бірнеше оралман келсе біраз уақытқа созылуы мүмкін. Күту залында сіздерге арналған жеңіл тағамдар мен балаларға арналған бөлме, жергілікті жерде туысқандары болса солармен хабарласатын телефон орнатылған;

- тіркеуден өткеннен кейін кедендік қараудан өтесіз;

- статусы және құжаттары. Елге жаңадан келген оралман статусын алған адам автоматты түрде израиль азаматтығын алады. Ал басқа елдің азаматтығы бар адам, осы елдің азаматтығын алмаса келген күннен бастап үш ай мерзім аралығында ішкі істер Министрлігіне хабарлауы тиіс;

- оралман өз еркімен міндетті түрде тілді меңгеруде арнайы курстарға жазылуы тиіс;

- еврейлер агенствосы мен басқа да мекемелер жаңадан келген оралмандарға елге орналасуына байланысты бір жылдай көмек көрсетеді.

Осы көрсетілетін көмектің түрлері әр түрлі және көп түрлі: ақшалай көмек, салық жеңілдіктері, пәтер жалдауға немесе сатып алуға ссудалар, консультациялар, және т.б. Көрсетілетін көмектің көлемі мен формасы отбасы құрамы мен жас ерекшелік және оралманның экономикалық жағдайына байланысты. Көмектің көпшілік түрін оралман – 3 жыл мерзімде алады.

Тікелей абсорбция (бағдарлама) - бұл бағдарламада елге келген оралманға өмірлерінің бірінші жылдары алатын белгілі суммада ақша бөлінеді:

- күнделікті ақша – тамаққа, пәтер іздеуге және т.б.;
- бір жыл бойы пәтер жалдауға және коммуналдық қызметтерді төлеуге;
- алғашқы 6 ай көлеміне жәрдемақы;
- балаларды мектепке орналастыруға қосыша төлемдер: оқулықтар алуға, концтоварлар, және т.б. сонымен қоса балаларды бала бақшаға орналастыруға төлемдер;
- қажетті құжаттарды аударуға төленетін ақша.
- Осы бағдарламадағы ақшаларды алуға келесі оралмандар құқылы:
 - 1) елге оралман ретінде алғаш келгендер;
 - 2) 12 ай ішінде ішкі істер Министрлігіне хабарласып турист статусын оралман статусына ауыстырғандар.

Тікелей абсорбция бағдарламасы аумағындағы ақшалай көмек. Аэропортқа келген жаңа оралман аталған сумманың төрттен бірін ақшалай, қалғанын чекпен алады. Бұл чек кез келген банктен счет ашу үшін керек. Банктік счеттің номері мен үйдің мекен жайын жақындағы абсорбция Министрлігінің бөлім қызметкерлеріне хабарлау керек. Ары қарай оралманның қалған ақшасы банктік счетке түседі. Осы ұйымдастырылған шаралар Израильдің этникалық репатрианттарына көрсетілетін қызмет түрлері.

Ал, Германия этникалық репатрианттарымен жүргізілетін жұмыстарды қысқаша атап өтсек, оларды ұшақтан түскеннен кейін автобустармен жатаханаларға орналастырады. Олар сол жерде екі немесе үш жылдай тұра алады. Егер келген репатриант неміс тілінен емтиханды сәтті тапсырса, оған жұмыс тауып береді, реті келсе мамандығы бойынша жұмысқа орналастырылуы мүмкін. Ол жұмысқа тұрған күннен бастап жалдамалы тұрғын үйге көшеді. Осылай олар репатрианттардың барлық мәселелерін шешуге тырысады және оларды далаға қалдырмайды. Егер оралман өзінің талабымен жұмысқа орналаса алмаса, әлеуметтік-мемлекеттік қамтамасыз етіледі. Мемлекет сонымен қатар пәтеріне төлем, дәрігерлік қауіпсіздікпен қамтамасыз етеді, яғни ақысыз әлеуметтік қызметтерді ұсынады. Ал, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтары репатрианттарға кейбір жұмыстарды ұсынып отырады [7].

Осындай әр мемлекеттегі этникалық репатрианттармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыстарды, біздің елде, яғни тәжірибемізде жүйелі қолдансақ көптеген әлеуметтік мәселелер шешілер еді.

Ал, Қарағанды қаласындағы орналасқан орталықтағы бейімделу мен кіріктіру жұмыстарын қабылдаған отандастарымыз арнайы кәсіби колледждерде курстардан өтіп, еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміндегі «Демеу» қоғамдық еңбек биржасының ұйымдастыруымен жұмысқа орналасқан, ал балалар мектептерге орналастырылған. 2008 жылдың 9 ай ішінде Қазбек би аудандық әкімшілігімен бірлесе оралмандармен алты кездесу мен үш дөңгелек стол өткізілсе, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында мақалалармен, теледидарлық көрсетілімдер шығарылған. Сонымен қоса дәстүрлі мерекелерде орталықтағы көп балалы оралман отбасыларына «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы, Қарағанды облыс әкімшілігі, Қазбек би аудандық әкімшілігі, облыстық көші-қон комитеті департаменті тұсында оралмандарды қолдау қорымен «Атажұрт», «Тамды-Арқа» оралмандар қорлары, мекемелер мен кәсіпорындар, шағын және орта бизнес өкілдері қаржылай көмектер мен сыйлықтар ұсынып, демеушілік көрсетіп тұрған [8].

Алдағы уақытта оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығы оралман отбасыларын әлеуметтік қорғау мен бейімдеуде, орналастыруда өз жұмыстарын әрі қарай жалғастырды.

Қарағанды облысына 1991 жылдан бастап 2020 жылдың 1 тоқсанына дейін 61080 этникалық репатриант келген, ал 2020 жылдың қорытындысы бойынша Қарағанды облысында 322 адамға немесе, 171 отбасына қандас мәртебесі берілді [9].

Пайдаланған әдебиеттер

1 Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер //Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы ресми сайты. – URL: [https:// stat.gov.kz](https://stat.gov.kz). Жүгінген күні 22.02.2023.

2 Қазақстан Республикасы «Халықтың көші-қоны» туралы 1997 жыл 13 желтоқсан N 204 Заңы.

3 Қазақстанда «оралман» сөзі ауыстырылды // Sputnik Қазақстан сайты. – URL: [https:// Sputnik.kz/20200903/-oralman-soz-14875308.html](https://Sputnik.kz/20200903/-oralman-soz-14875308.html). жүгінген күні 19.04.2023.

4 Жұманова Р.А. «Қандастардың құжаттарын реттеудегі түйткілді мәселелер»«ЕІ.kz» порталы, 28.01.2021.

5 Қазақтар диаспорасы. Уикипедия ашық энциклопедиясы. – URL: <https://kk.wikipedia.org/wiki/>.

6 Қазақстан Республикасы Үкімет 2007 жыл 29 қыркүйек N 859 қаулысы.

7 Дом там, где тебя ждут [www.kazpravda.kz] Д. Молдабаев

8 «Основные показатели деятельности управления комитета по миграции по Карагандинской области» г. Караганда 2008г.

9 2020 жылы Қарағанды облысында 300-ден астам этникалық қазақ қандас мәртебесін алды // «ҚазАқпарат» халықаралық ақпарат агенттігі. – URL: <https://lenta.inform.kz/kz/2020-zhyly-karagandy-oblysynda-300-den-astam>.

10 Основы социальной работы. Учебник Москва ИНФРА-М,2004.-395с